



БҰЙРЫҚ

№ 56

ПРИКАЗ

23.11.2023ж

**Мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау
бағдарламасын іске асыру қызметін ұйымдастыру туралы**

Келес аудандық білім бөлімінің 10.10.2023 жылғы №188 бұйрығын және ҚР Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

2023-2024 оқу жылында «№8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**» (бұдан әрі – Орталық) бойынша қызмет ұйымдастырылсын.

1. Функционалды жауапкершілікті бөлумен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:

- Бағдарламаны іске асыру қызметіне басшылық жасап, бақылауды жүзеге асыруды өзіме қалдырамын;
- Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыруды және Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті регламенттейтін ішкі құжаттарды дайындауды; Бағдарлама бойынша сабақтар өткізуге педагогтерді даярлауды; педагогтерге білім беру курстарын бекітуді; «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыруды; педагогтердің, ата-аналар мен балалардың мониторингке қатысуын, Бағдарламаны БАҚ және әлеуметтік желілерде іске асыру жөніндегі қызметті ілгерілетуді қамтамасыз етуді; ауданның білім бөлімі үшін Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат дайындауды мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары К.Мұстафаеваға жүктелсін;
- Мектептің жауапты педагогтеріне кабинеттерді бекітуді, ата-аналармен сабақ өткізуге арналған жабдықтармен жарактандыруды жүзеге асыруды, Бағдарламаны іске асыру және сабақ өткізу кезінде бөгде адамдарды мектепке жібермеу жөніндегі қызмет барысында мектеп оқушыларының санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша техникалық персоналдың, вахтерлердің, күзетшілердің жауапкершілігін арттыру үшін жауап беруді директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарының міндетін уақытша атқарушы И.Сарсеновка жүктелсін;
- Педагогтер мен сынып жетекшілерді ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етуді мектеп кітапханашысы Т.Дүйсенбаева жүктелсін.

2. «Даналық мектебі» клубы мен Бағдарламаны іске асыру үшін курстық даярлықтан өткен педагог қызметкерлердің және шығармашыл педагогтердің құрамы анықталып, жұмыс тобы бекітілсін.

3. 2023-2024 оқу жылына арналған «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына» түзетулер енгізіліп, (ата-аналарды оқыту бағдарламасының тақырыбын таңдау және әзірлеу, сапалы мазмұн жасау және оларды мектептің педагогикалық кеңесінде бекіту мүмкіндігі) бекітілсін.

4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру арқылы «Мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы» жаңа бағытын құра отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспарына Бағдарламаны іске асыру қосылсын.

5. Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Бегайсқа мектепшілік бақылау жоспарының тарауларына Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып толықтырулар енгізсін және ата-аналарға білім беру бағдарламасының вариативті компонентінің мазмұнын әзірлеуде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетуді жүзеге асырсын.

7. Сынып жетекшілері ата-аналардың Бағдарламаға қатысуын қамтамасыз етсін, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін, ата-аналар жиналыстарында мектептің оң тәжірибесін жарияласын.

8. Мектеп әкімшілігі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және мектеп сайтында ілгерілетуді жүзеге асырсын, бірлескен табысты тәжірибені насихаттап, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметке белсенді қатысу үшін мектептің өзін-өзі басқаруын, мектептің Қамқоршылық кеңесін, әлеуметтік әріптестерді, демеушілерді тартсын.

9. Мектеп әкімшілігі мен жұмыс тобы тәжірибе алмасу және жұмыс тиімділігін арттыру үшін Бағдарлама қызметінің қорытынды іс-шарамен (ата-аналар форумы, ата-аналар конференциясы, ата-аналар оқулары және т.б., облыстық және республикалық ата-аналар форумына қатысу) аяқталуын қамтамасыз етсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуы К.Мұстафаеваға міндеттелінсін.

Негізі: Келес аудандық білім бөлімінің 10.10.2023 жылғы №188 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 28 хаттамасы

Мектеп директоры:  **М.Амирова**

Таныстырылды:

